Дәріс 3. Этнологиялық зерттеу әдістері мен деректер

Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова

Дәріс жоспары:

1. Этнологиялық деректердің түрлері: жазба ескерткіштер, жылнамалар, қолжазбалар, артефактілер, музей коллекциялары, заттай ескерткіштер.

2. Далалық зерттеу және экспедиция ұйымдастыру: зерттеу объектісін таңдау, экспедиция түрлері, күнделік жүргізу, материалдарды өңдеу.

3. Этнологиялық зерттеу әдістері: тарихи, құрылымдық-функционалдық және жүйелілік әдістер.

Мақсаты:

Білім алушыларды этнологиялық зерттеулерде қолданылатын деректердің негізгі түрлерімен және оларды жинау тәсілдерімен таныстыру. Этнологиялық зерттеу әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіру және далалық зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі кезеңдерін үйрету. Сонымен қатар этнология ғылымының ғылыми-танымдық және әлеуметтік маңызын түсіндіру.

Зерттелетін халық мәдениеттің заттай деректері артефактілер оған мұражайдың коллекциялары, дәстүрлі заттар Аңыздар немесе мемораттар әртүрлі жазба ескерткіштер жазбалар, фиксация, суреттер, ауызша әңгіме және т.б.

Этнологияда пайдаланатын әдістер әртүрлі.

Бұл ғылымдағы кең тараған әдіс тарихи және құрылымдық -функциональ-ды әдіс.

1) Тарихи әдістің талабы –зерт-н об-ң процесте тууы, қалыптасуы, дамуы ж/е болашақта өзгертілу перспективасы н/се жоғалуы. Қазіргі кезеңдегі этностағы тарихи әдістің ғылыми тәжірибесі этнографиялық құбылыстардың генезисін зерттеудің пайдалылығын мойындай отырып, тарихилықты кең және Жан-жақтылығын көрсетеді. Тарихи әдісті пайдалану этностың барлық компонентіне және дамудың әртүрлі кезеңіндегі этностың тарихи типінің құрылуына дейінгі барлық мәселелері қарастырылады.

2) Құрылымдық функциональды әдіс

Құрылымдық жағынан қарау зертт-н обьек-ң құрылымын ашу қажеттігін тудырады. Бұл әдістің мәні халықтың өміріндегі мәдени элементтің не әлеуметтік институттың мәнін айқындау. Құрылымдық тәсілге зерттелетін обьектінің құрылымын айқындау, кейінірек әлеуметтік қатынастар мен олардың арасындағы байланыстың жүйелілігі қосылды. Бұл әдісті жақтаушылар басында обьектіні зерттеудегі тарихи аспектіні жоққа шығарғысы келді, олар жаңашылдықпен қосалқылық зерттеуді бірінші орынға қоюға тырысты. Бірақ кейін құрылымдық функционалдық талдауда тарихилы қорганикалық құрылымдық элемент ретінде енді.

3) Жүйелік әдіс

Бұл әдіс объектінің компоненттерге бөлінуін, оларды құрайтын элементтермен арасындағы байланыстарды қоса алып зерттейді. Жүйелілік әдіс көптеген методологиялық және теориялық принциптермен философиялық идеяларды істете алады.

Далалық зерттеу әдістері

Ел арасынан көне көз қариялардан ақпараттар іздеу және жинау. Экспедиция құру алдында зерттеу нысанын анықтау керек.

Экспедиция - маршрутты және тұрақты стационарлы зерттеу, жиналған материалдарды өңдеу, алынған нәтижелерді интерпретациялау.

Қазіргі әлемдік прогрессивті этнология мынандай ...ды атқарады.

Бірінші-ғылыми танымдық. Этнология ғылымы өзінің ғылыми бірлестіктері мен әлеуметтік институты арқылы этнограф-қ ақиқатты тануға, әртүрлі тарихи кезеңмен қазіргі кезеңдегі әлемнің этникалық сипатын білуге, планетамыздағы барлық аймақтардағы этникалық процестердің сипатын түсіндіреді.

Екінші маңызды функциясы-этностың әрбір халықтың өзін тану . Шығу тегі жөніндегі ғылыми ілімдер, этникалық тарих, әрбір халықтың дамуындағы тенденциялар мен әрекеттер кейбір нанымдар мен этникалық наным сенімдерге қарсы тұрады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Этнологиялық деректер дегеніміз не және олардың негізгі түрлерін атаңыз.
2. Жазба деректер мен заттай ескерткіштердің этнологиялық зерттеудегі рөлі қандай?
3. Далалық экспедиция ұйымдастырудың негізгі кезеңдерін сипаттаңыз.
4. Этнологиялық зерттеуде қолданылатын тарихи әдістің ерекшелігі неде?
5. Құрылымдық-функционалдық әдістің мәні қандай?
6. Жүйелілік әдіс этнологиялық зерттеулерде қалай қолданылады?